ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«БАРС-ҚҰРЫЛЫС»

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«БАРС-ҚҰРЫЛЫС»

Шығыс/ Исх. 178

«05» 09 2018 ж/г

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНА

ШАҒЫМ

№2752250-1 «Қызылорда облысы Қазалы ауданы Түктібаев елді мекеніндегі тұтынушылардың шекарасына ауыз су құбырын жеткізу желілерінің құрылысы» электронды конкурсқа қатысып, әлеуетті өнім беруші ретінде, аталған конкурстың қорытынды туралы хаттамасына келіспейтінімізді білдіреміз.

Қорытынды туралы хаттамада *ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 150-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмейді. Себебі растаушы қағаз құжаттарының электрондық көшірмелері толық ұсынылмауына байланысты есепке алынған жоқ. (Ұсынылған жұмыстарды қабылдау актілерінде Тапсырыс берушінің мөрі мен қолының болмауы себепті). Ал, әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде атқарған жұмыстары Қағиданың конкурстық құжаттамаға 5-қосымша ескертуінің 13-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес есепке алынған жоқ.;*

«Барс-Құрылыс» ЖШС көрсетілген ескертулермен келіспейді, себебі *растаушы қағаз құжаттарының электрондық көшірмелері толық ұсынылған және ұсынылған жұмыстарды қабылдау актілерінде Тапсырыс берушінің мөрі мен қолы барлық жерде қойылған.*

Осы жағдайға байланысты аталған конкурсты қайта қарап, әділ шешім шығаруыңызды сұраймыз.

«Барс-Құрылыс» ЖШС-нің директоры **Кенжебаев А.Ж.**

e-mail: jan_asia@mail.ru
тел.: 8-702-223-22-21